

Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 мамыр N 685. Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ғылым мен техниканы дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды, сондай-ақ талантты жас ғалымдарды қолдау және ғылым саласындағы сыйлықтар мен стипендиялар мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылдан бастап жыл сайынғы, мынадай:

жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы екі сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулер үшін Ш. Уәлиханов атындағы екі сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған Д.А. Қонаев атындағы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі үш сыйлық;

гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға арналған М. Әуезов атындағы 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі үш сыйлық;

аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары үшін А.И. Бараев атындағы үш сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш, үшіншісі - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулері мен жұмыстары үшін Ы. Алтынсарин атындағы үш сыйлық (біріншісі - 200 айлық есептік көрсеткіш, екіншісі - 150 айлық есептік көрсеткіш, үшіншісі - 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде);

2002 жылдан бастап:

түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі бір сыйлық тағайындау туралы ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

Ескерту. 1-тармақ 6,7 абзацтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.05 N 188 қаулысымен .

Ескерту. 1-тармақ 8 абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.30. N 383 қаулысымен .

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген сыйлықтарды тағайындау: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне - екінші, үшінші, төртінші, бесінші, жетінші, тоғызыншы абзацтарда көрсетілген с ы й л ы қ т а р ; < * >

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне - 2003 жылдан бастап алтыншы абзацта көрсетілген сыйлықтар; <*>

Ғылым саласындағы сыйлықтарды төлеуге арналған шығыстар Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне ғылым, техника және білім саласындағы мемлекеттік сыйлықтар мен стипендияларды төлеуге көзделген бюджет қаражаты шегінде жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне А.И.Бараев атындағы сыйлықтарды төлеуге көзделген бюджет қаражаты 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.23. N 1344 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.06. N 1031 қаулысымен .

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.27. N 1191 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша (аграрлық ғылымды қоспағанда) үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы ережені және Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыстары үшін жас ғалымдарға сыйлықтар берудің тәртібі туралы ережені, Түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлықты берудің тәртібі туралы ережені бекітсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.03.30. N 383 , 2005.01.25. N 55 қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстар үшін А.И. Бараев атындағы сыйлық (үш сыйлық) беру тәртібі туралы ережені бекітсін.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.01.25. N 55 қаулысымен.

4. "Мемлекеттік ғылыми стипендиялар жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 9 желтоқсандағы N 1501 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 50, 488-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы е р е ж е д е г і :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік ғылыми стипендиялар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) Министрлік алқасының шешімі негізінде шыққан бұйрығымен екі жылға дейінгі мерзімге тағайындалады.";

6 - т а р м а қ т а ғ ы :

"мекемелерінің" деген сөз "ұйымдарының" деген сөзбен ауыстырылсын;
"мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына" деген сөздер "Министрлікке" деген сөзбен ауыстырылсын.

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы" деген сөздер "Министрлік" деген сөзбен ауыстырылсын;

8 - т а р м а қ а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

9-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі Ғылым академиясының мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындау конкурсын өткізу туралы шешімі және" деген сөздер "Мемлекеттік ғылыми стипендияларды тағайындау конкурсын өткізу туралы шешім мен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 0 - т а р м а қ т а ғ ы :

"әр жылдың аяғында" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші сөйлем алынып тасталсын;

11-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына" деген сөздер "Министрлікке" деген сөзбен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 13-1-тармақпен толықтырылсын:

"13-1. Мемлекеттік ғылыми стипендияларды төлеу мерзімінен бұрын:

- 1) стипендиаттың ғылыми қызметін тоқтатуы;
- 2) стипендиаттың Қазақстан Республикасының шегінен тысқары тұрақты тұрғылықты жерге кетуі;
- 3) стипендиаттың қайтыс болуы;
- 4) өзге де жағдайларында тоқтатылады.

Мемлекеттік ғылыми стипендияны төлеуді мерзімінен бұрын тоқтату туралы

шешімді Министрліктің алқасы тиісті ғалымдар (ғылыми, ғылыми-техникалық) кеңесінің ұсынысы негізінде қабылдайды."

5. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 10 мамырдағы

№ 685 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің Тізбесі

1. "Ш.Ш. Уәлихановтың қайтыс болуының 100-жылдығын өткізу туралы" Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1965 жылғы 10 ақпандағы № 108 қаулысының 4-тармағы.

2. "Академик Қ.И. Сәтбаевты мәңгілік есте қалдыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 14 тамыздағы № 380 қаулысының 1-тармағының үшінші, төртінші және бесінші абзацтары (Қаз. ССР ҰЖ., 1987 ж., № 21, 84-құжат).

3. "Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар және республикадағы ғылыми кадрлар резервін дайындау туралы" Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 24 шілдедегі № 295 қаулысының 10 және 11-тармақтары.

4. "Жер туралы ғылым саласындағы жас ғалымдарға арналған академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлық тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 тамыздағы № 957 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., № 36, 396-құжат).